



USTAZ
ALEMI

Қараша
- Ноябрь
№11(13) - 2025

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

AQNIET

Болашаққа

-пен бірге

Республиканский научно-методический журнал



Аульбекова Нурила Бердибекқызы
Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы
№2 Ш. Уәлиханов атындағы ЖББМ
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары



2. Матвеев, Л. П. Теория и методика физической культуры. – Москва: Физкультура и спорт, 2015.
3. Платонов, В. Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте. – Киев: Олимпийская литература, 2013.
4. Бычкова, И. В., Копылова, А. В. Методика обучения волейболу в школе. – Москва: Просвещение, 2018.
5. Мякинченко, Е. Б. Волейбол: техника, тактика, обучение. – Санкт-Петербург: Питер, 2017.
6. Назарбекова, Ж. К. Физическое воспитание школьников в условиях обновлённого содержания образования. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.

БАЛАЛАРДЫҢ ТАБИҒАТТЫ СЕЗІНУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУАТЫН ЭКОБАҚША ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ



Абишева Нургуль Бағдатовна
СҚО, Уәлиханов ауданы, Кіикенекөл селосы
“Күншуақ” бөбекжай бақшасы
Тәрбиеші

Қазіргі таңда экологиялық тәрбие мен табиғатқа қамқор көзқарас қалыптастыру – мектепке дейінгі ұйымдардағы маңызды бағыттардың бірі. Табиғат – бала үшін ең үлкен ұстаз, ал оны сезініп, қорғауға үйрету – тәрбиешінің басты міндеті. Осы мақсатта «ЭКОБАҚША» оқу бағдарламасы баланың табиғатты түйсіну, бақылау және оған қамқорлық жасау дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық жоба жүргізіп келеміз. Басты мақсаты балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық мәдениет пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру, сонымен қатар табиғи орта арқылы танымдық және эмоционалды қабілеттерін дамыту болып табылады.

Табиғат құбылыстарын бақылау арқылы баланың байқағыштық және ойлау қабілетін дамыту;

Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға баулу;

Табиғат элементтерін (жер, ауа, су, күн, өсімдік) танып білуге үйрету;

Экологиялық мәдениет пен экологиялық қауіпсіздік түсініктерін енгізу;

Баланың сезім әлемін, эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттеріміздің бірі.

«ЭКОБАҚША» — балабақша ауласындағы, терезедегі, табиғат бұрышында шағын табиғи орта. Онда балалар өз қолымен гүл, көкөніс, ағаш отырғызып, олардың өсуін бақылайды. Бұл процесс баланың ішкі әлеміне табиғаттың сұлулығын сезінуді, еңбекқорлық пен жауапкершілікті ұялатады.



Бағдарлама төрт негізгі бағытта жүзеге асырылады:

1. Танымдық бағыт – «Өсімдіктер әлемі» іс әрекеті арқылы өсімдіктердің тіршілік кезеңін зерттеу; «Жер-Ана мейірімі» атты тәжірибелік сабақтар ұйымдастыру; Экологиялық ертегілер мен мультфильмдер арқылы табиғат заңдылықтарын түсіндіру.

2. Практикалық бағыт – Балалармен бірге гүл, көкөніс егу; – Суару, топырақ копсыту, қоқысты сұрыптау; – «Біздің бақшамыз» жобасы бойынша жеке гүлзар немесе ағаш күтімі.



3. Шығармашылық бағыт – Табиғи материалдармен қолөнер бұйымдарын жасау «Жапырақтан бейне», «Дәннен сурет»; «Табиғат менің көзіммен» атты сурет көрмесі; Экологиялық театр мысалы, «Күн мен жаңбыр достығы» қойылымы.

4. Әлеуметтік бағыт – Ата-аналармен бірлескен экологиялық акциялар «Таза аула», «Жасыл әлем»; Қала немесе ауыл экобақтарына экскурсия ұйымдастыру; Экологиялық мерекелер өткізу «Табиғат күні», «Жер-Анаға тағзым».



Бағдарлама соңында балалар:

- ☒ Табиғат құбылыстарын бақылап, оларды ажырата алады;
- ☒ Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау дағдылары қалыптасады;
- ☒ Табиғатты сезіну қабілеті мен экологиялық ойлау мәдениеті дамиды;
- ☒ Табиғи ортада өзін қауіпсіз және саналы ұстауды үйренеді;
- ☒ Табиғатқа деген сүйіспеншілік, жауапкершілік сезімі нығаяды.

Қорыта келгенде «ЭКОБАҚША» оқу бағдарламасы – баланың табиғатпен рухани байланысын қалыптастыратын тиімді педагогикалық жоба. Табиғатпен етене араласқан бала оның сұлулығын сезінеді, қамқорлық жасаудың маңызын түсінеді.

Сондықтан мұндай бағдарламалар мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиенің басты құралына айналуы тиіс. Экобақша – бұл тек өсімдіктер өсетін орын емес, бұл – жүрек тәрбиесі мен рухани экология мектебі.